

Электр энергиясын пайдалану қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы № 143 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылдың 6 наурызда № 10403 тіркелді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағы 272) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРДАМЫШ**:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 20.12.2024 № 471 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Электр энергиясын пайдалану қағидалары бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Электр энергетикасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;
 - 2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауга жіберілуін;
 - 3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруын;
 - 4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Энергетика вице-министріне жүктелсін.
4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Энергетика министри

В. Школьник

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

Е. Досаев

2015 жылғы 5 наурыз

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2015 жылғы 25 ақпандығы
№ 143 бұйрығымен
бекітілген

Электр энергиясын пайдалану қағидалары 1-тaraу. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - КР Энергетика министрінің м.а. 22.10.2021 № 325 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Электр энергиясын пайдалану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағы 272) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының аумағында энергия өндіруші, энергия беруші, энергиямен жабдықтаушы ұйымдар мен тұтынушылардың электр энергиясын пайдалану тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - КР Энергетика министрінің 20.12.2024 № 471 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар мен анықтамалар:

1) есептік кезең – тұтынылған электр энергиясы есепке алынатын және тұтынушыға төлеу үшін ұсынылатын электрмен жабдықтау шартымен айқындалатын уақыт кезеңі;

2) коммерциялық есепке алу жүйесін салыстырып тексеру (бұдан әрі – Салыстырып тексеру) – мемлекеттік метрологиялық қызмет немесе басқа да аккредиттелген заңды тұлғалардың өлшем құралдарының белгіленген метрологиялық талаптарға сәйкестігін анықтау және растау мақсатында орындастырылған операциялар жиынтығы;

3) коммерциялық есепке алу құралдарының көрсеткіштерін алу - тұтынушы тұтынған электр энергиясының көлемін (мөлшерін) анықтайтын коммерциялық есепке алу құралының көрсеткіштерін есептейтін әрекет және ол коммерциялық есепке алу құралының техникалық жай-күйін тексеру болып саналмайды;

4) қосалқы тұтынушы – тұтынушының электр желілеріне тікелей қосылған тұтынушы;

5) пломбалау құрылғысы (пломба, пломбалайтын темірарқан) – бұл рұқсатсыз қолжетімділікті бақылауды қамтамасыз ететін бекітілетін тетігі бар бір рет пайдаланатын құрылғы;

6) сараптама ұйымы – энергетикалық сараптама жүргізуге аккредиттелген ұйым;

7) рұқсат етілген қуат – тұтынушыға берілген техникалық шарттарда келісілген немесе қоректендіру үшіндағы қорғаныш автоматының немесе сақтандырғыштардың

нақтылы тогымен анықталатын электр энергиясын тұтынудың ең жоғарғы ықтимал қуаты;

8) тараптардың пайдалану жауапкершілігінің шекарасы – теңгерімдік тиесілік немесе электрмен жабдықтау шарты бойынша анықталатын және тараптардың шаруашылық жүргізуши субъектілер арасындағы тиісті теңгерімдік тиесілігі мен пайдалану жауапкершілігін бөлу актісімен расталған күту, қызмет көрсету және техникалық жай-күйге жауапты осы шаруашылық жүргізуши субъектілері арасындағы энергетикалық жабдықты және (немесе) электр желісін бөлу нүктесі;

9) технологиялық бронь – үздіксіз технологиялық процесті аяқтау және адамдардың өмірі мен қоршаган ортаға қауіпті болғызбау үшін қажетті электр энергиясының ең аз шығысы (ең аз тұтыну қуаты) және уақыт ұзақтығы;

10) техникалық шарттар – электр желілеріне қосылуды орындау үшін қажетті техникалық талаптар;

11) төлем құжаты – осының негізінде тұтынушылар төлем жүргізетін құжат (төлем шоты, фактура шоты, хабарландыру, түбіртек);

12) тұтынушы – шарт негізінде электр энергиясын тұтынатын жеке немесе заңды тұлға;

13) уәкілдеп орган – электр энергетикасы саласында басшылық ететін мемлекеттік орган;

14) шарттық қуат – тұтынушының рұқсат етілген қуат шегінде бір сағат ішінде пайдаланатын электр энергиясының энергиямен жабдықтаушы ұйыммен келісілген орташа мөлшері;

15) электр желісінің теңгерімдік тиесілік шекарасы – электр энергиясы нарығының шаруашылық жүргізуши субъектілері: энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдар мен тұтынушылар, сондай-ақ тұтынушылар мен қосалқы тұтынушылар арасындағы электр желісінің теңгерімдік тиесілігі бойынша анықталатын электр желісін бөлу нүктесі;

16) электр қондырғысы – электр энергиясын өндіруге, түрлендіруге, өзгертуге, беруге, тұтынуға және (немесе) оны энергияның басқа түріне түрлендіруге арналған машиналар, аппараттар, желілер мен қосалқы жабдықтар (олар орнатылған құрылыштар мен орынжайларды бірге алғанда) жиынтығы;

17) электр энергиясын есепке алу схемасы – электр энергиясын есепке алушың есеп айырысу үшін берілетін және тұтынудың электр энергиясының есепке алушы қамтамасыз ететін құралдарының белгілі бір электрлік қосылуы;

18) электр энергиясымен жабдықтау шарты – электр энергиясымен жабдықтаушы ұйым тұтынушыға қосылған желі арқылы электр энергиясын беруге, ал тұтынушы қабылдаған электр энергиясы үшін төлеуге міндеттенетін келісім;

19) электр энергиясын коммерциялық есепке алу схемасын тексеру – энергия беруші немесе энергия өндіруші ұйым өкілінің есепке алу құралдарының жай-күйін

және оның қосылу схемасын анықтау мақсатында тұтынушының немесе оның өкілінің қатысуымен жүргізетін операциялар жиынтығы;

20) электр энергиясының коммерциялық есепке алу жүйесі – электр энергиясы мен қуаты шығынын анықтау үшін коммерциялық есепке алу құралдарының жиынтығы (электр энергиясын есептеуіш, ток пен кернеудің өлшеу трансформаторы) және өзара белгіленген схема арқылы жалғанған құрылғы (коммутациялық аппарат);

21) электр энергиясының қабылдағышы (электр қабылдағышы) – электр энергиясын энергияның басқа түріне өзгертуге арналған аппарат, агрегат, тетік;

22) электр энергиясы нарығының субъектілері – энергия өндіруші, энергия беруші, энергиямен жабдықтаушы үйлемдар, электр энергиясын тұтынушылар, жүйелік оператор, электр энергиясының орталықтандырылған сауда операторы, қаржы-есеп айырысу орталығы;

23) электр энергиясының сапасы – электр энергиясының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген МЕМСТ 32144 "Электр энергиясы. Техникалық құралдардың үйлесімділігі электромагниттік. Жалпы мақсаттағы электрмен жабдықтау жүйелеріндегі электр энергиясы сапасының нормалары" нормаларына сәйкес келу дәрежесі;

24) аспаптық тексеру – электр энергиясын коммерциялық есепке алу аспабының (өлшеу трансформаторларының және басқа элементтердің) өлшеу кешені элементтерінің сипаттамаларына, деректерді жинау және беру құрылғыларына, оларды құралдар мен қосымша жабдықтардың көмегімен қосу схемасына тексеру жүргізуден тұражұмыс қабілеттілігін бағалау процесі;

25) нақты жүктеме – тұтынушы меншігіндегі және (немесе) балансындағы электр қондырғылары (тұрмыстық электр аспаптарын қоса алғанда) электр энергиясының жиынтық қуаты және нормативтік шығындары.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге де үғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасына сәйкес қолданылады.

Ескеरту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – КР Энергетика министрінің 31.10.2017 № 366 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.12.2024 № 471 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

2-тарау. Электр энергиясын пайдалану тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - КР Энергетика министрінің м.а. 22.10.2021 № 325 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Электрмен жабдықтауды үйимдастыру

3. Тұтынушыларды электрмен жабдықтау төмендегідей жүзеге асырылады:

1) Қазақстан Республикасының Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы бұйрығымен бекітілген Электр энергиясының көтерме нарығын ұйымдастыру мен оның жұмыс істеу қағидаларында белгіленген тәртіппен электр энергиясын сатып алу-сату шарттары мен көтерме сауда нарығының субъектілері арасында жасалған мәмілелер негізінде электр энергиясының көтерме сауда нарығында;

2) энергиямен жабдықтаушы ұйым электр энергиясын бөлшек сауда нарығында электрмен жабдықтау шарты бойынша сатуды жүзеге асырады. Бұл ретте энергиямен жабдықтаушы ұйым энергия беруші ұйыммен электр энергиясын тарату қызметтеріне шарт жасасады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 20.12.2024 № 471 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Электрмен жабдықтау объектілері кондоминиумдар құрамында жоқ тұтынушылармен электрмен жабдықтау шартын жасау үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) тұтынушыны электр желілеріне қосу схемасымен электр желілерінің теңгерімдік тиесілігін және тараптардың пайдалану жауапкершілігін ажырату актісінің көшірмелері ;

2) энергия беруші (энергия өндіруші) ұйым жасаған электр энергиясын коммерциялық есепке алу жүйесін қабылдау актісінің көшірмесі;

3) мемлекеттік тіркеу туралы анықтама көшірмесі (занды тұлғалар үшін), рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінінен үзінді-көшірме (дара кәсіпкерлер туралы) немесе жеке басты куәландыратын құжаттан жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН);

4) жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар туралы анықтаманың немесе құқық белгілейтін құжаттың көшірмесі;

5) ұйымның бірінші басшысын қоспағанда, жеке басын куәландыратын құжатты қоса бере отырып, электрмен жабдықтау шартын жасасуға уәкілетті тұлғаға берілген құжаттың (бұйрықтың, сенімхаттың, тұлғаның өкілеттігін растайтын құжаттың) көшірмесі (занды тұлғалар және жеке кәсіпкерлер үшін);

6) техникалық шарттардың көшірмесі;

7) банктік деректемелер (банктің атауы, ағымдағы шоттың №) – занды тұлғаларғана ұсынады.

Жоғарыда көрсетілген құжаттарды энергия беруші (энергия өндіруші) ұйым энергиямен жабдықтаушы ұйымға ұсынады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 06.02.2020 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 20.12.2024 № 471 (алғашқы

(ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

4-1. Электрмен жабдықтау обьектілері кондоминиумдардың құрамында болатын тұтынушылармен электрмен жабдықтау шартын жасау үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кондоминиум обьектісін басқару органыныңмен тұтынушы арасында жасалған, кондоминиум құрамындағы тұтынушылар үшін электр желілерінің теңгерімдік тиесілігін және тараптардың пайдалану жауапкершілігін ажырату актісінің көшірмесі, электр энергиясын тұрмыстық қажеттіліктер үшін тұтынбайтын электрмен жабдықтауға шарт жасасатын тұтынушылар ғана ұсынады;

2) кондоминиум обьектісін басқаруши органды немесе энергия беруші ұйым жасаған электр энергиясын коммерциялық есепке алу жүйесін қабылдау актісінің көшірмесі;

3) мемлекеттік тіркеу туралы анықтаманың көшірмесі (занды тұлғалар үшін), рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінен үзінді көшірме (жеке кәсіпкерлер үшін); жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (жеке тұлғалар үшін);

4) ұйымның бірінші басшысын қоспағанда, жеке басын куәландыратын құжатты қоса бере отырып, электрмен жабдықтау шартын жасасуға уәкілетті тұлғаға берілген құжаттың (бұйрықтың, сенімхаттың, тұлғаның өкілеттігін растайтын құжаттың) көшірмесі (занды тұлғалар және жеке кәсіпкерлер үшін);

5) банктік деректемелер (банктің атауы, ағымдағы шоттың №), занды тұлғалар ғана ұсынады;

6) жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар туралы анықтаманың немесе құқық белгілейтін құжаттың көшірмесі

Жоғарыда көрсетілген құжаттарды энергия беруші (энергия өндіруші) ұйым энергиямен жабдықтаушы ұйымға ұсынады."

Ескерту. 4-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Энергетика министрінің 06.02.2020 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 20.12.2024 № 471 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

5. Электр энергиясының нарығы субъектілерінің арасында туындастын даулар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

6. Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 230 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 10851 болып тіркелген) Электр қондырғыларын орнату қағидаларында белгіленген тәртіпте тұтынушының электрмен жабдықтау схемасы 1 және 2-ші санатты сенімділік

талағына сәйкес келген жағдайда, энергиямен жабдықтаудың авариялық броңь актісі тұтынушымен, энергия беруші (энергия өндіруші) және энергиямен жабдықтаушы үйиммен бірлесіп жасалады.

Энергиямен жабдықтаудың авариялық броңь актісі бойынша келіспеушіліктер туындаған жағдайда, тараптар дауды шешу үшін сараптама үйымына жүгінеді.

Энергиямен жабдықтаушы және (немесе) энергия беруші (энергия өндіруші) үйимдар энергиямен үздіксіз жабдықтау объектілеріне жатқызылған объектілердің электрмен үздіксіз жабдықталуын қамтамасыз етеді.

Энергиямен үздіксіз жабдықтау объектілеріне жатқызылған тұтынушылардың объектілерін электрмен үздіксіз жабдықтаудың техникалық мүмкіндігін режимі өнірлік электр тарату желілеріне әсер ететін өнірлік диспетчерлік орталығы, тәртібі өніраалық және мемлекетаралық электр тарату желілеріне әсер ететін жүйелік оператордың ұлттық диспетчерлік орталығы келіседі.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді – КР Энергетика министрінің 31.10.2017 № 366 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Энергия беруші (энергия өндіруші) үйым тұтынушының тұтынатын электр қуатын шартта көрсетілген (қуаттың техникалық шарттармен рұқсат етілген шегінде) мәнінен артуын, сондай-ақ тұтынушылардың жаңа қосалқы тұтынушыларды қосуын энергиямен жабдықтау үйымымен электрмен жабдықтау шартына тиісті өзгертулер енгізілгеннен кейін келіседі.

8. Тұтынушы техникалық шарттармен рұқсат етілген қуатының шегінде өзіне меншікті электр құрылғыларын өзіне қарасты желілерге энергия беруші үйимның қосымша рұқсатының қосылады.

9. Объектінің иесі ауысқан кезде жаңа меншік иесі меншік құқығы тіркелген сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде энергия беруші үйымға осы Қағидаларға 2-қосымшага сәйкес нысан бойынша, осы Қағидалардың 4-тармағының 3), 4), 5) және 7) тармақшаларында немесе осы Қағидалардың 4-1-тармағының 1), 3), 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, электрмен жабдықтау шартын акцептеу туралы өтініш жібереді.

Энергия беруші үйым 5 (бес) жұмыс күні ішінде жаңа меншік иесіне теңгерімдік тиесілік және тараптардың пайдалану жауапкершілігін ажырату актісін береді және осы тармақта көрсетілген электрмен жабдықтау шартын жасасуға арналған құжаттарды жаңа меншік иесі таңдаған электрмен жабдықтау үйымына жібереді.

Бұрынғы меншік иесі тұтынышындағы үлкен электр энергиясы үшін есептеу аспаптарының көрсеткіштері бойынша электрмен жабдықтау объектісінің иесі өзгерген күні түпкілікті есеп айырысуды жүргізеді.

Иесі өзгергенде, меншік иесі ауысқан жағдайда, бұрын берілген техникалық шарттар қайта ресімделмейді.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – КР Энергетика министрінің 06.02.2020 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - КР Энергетика министрінің 20.12.2024 № 471 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрықтарымен.

2-параграф. Электр желілеріне жалғануға берілетін техникалық шарттар

10. Энергия беруші немесе энергия өндіруші ұйым электр желісіне рұқсат алу үшін көп пәтерлі құрылыштарда тұратын тұтынушыларды қоспағанда, әрбір тұтынушыға техникалық шарттар береді.

Энергия беруші (энергия өндіруші) ұйым көп пәтерлі құрылыштарда тұратын тұтынушылардың электр желілеріне рұқсат алу үшін техникалық шарттарды кондоминиум объектісін басқару органының уәкілетті өкіліне береді.

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 20-бабының 23-14) тармақшасына сәйкес бекітіletіn Құрылыш саласындағы құрылыш салуды ұйымдастыру және рұқсат беру рәсімдерінен өту қағидаларында көзделген жағдайларда техникалық шарттарды беру тәртібі көрсетілген Қағидаларда анықталады.

Энергия беруші немесе энергия өндіруші ұйымдар цифрлық майнинг саласындағы қызметті жүзеге асыратын тұлғаларға электр желісіне қол жеткізу үшін техникалық шарттарды берген кезде Жүйелік операторды осындай техникалық шарттарды беру туралы берілген күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде хабардар етеді.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - КР Энергетика министрінің м.а. 22.10.2021 № 325 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

11. Тұтынушыға электр желілеріне қосылу үшін техникалық шарттар электрмен жабдықтауға қосылуға еркін нысандағы өтініш және осы Қағидаларға 3-қосымшага сәйкес нысан бойынша электр желілеріне қосудың техникалық шарттарын беруге арналған өтінішке сауалнама парагы (бұдан әрі – сауалнама парагы) негізінде беріледі.

Белгіленген қуаты 5 Мегаватт және одан жоғары электр құрылғылары бар тұтынушылар сауалнама парагына жобалау қызметімен айналысуға лицензиясы бар мамандандырылған жобалау ұйымы әзірлеген тұтынушының сыртқы электрмен жабдықтау схемасын қоса береді. "Тұтынушының сыртқы электрмен жабдықтау схемасының" мазмұны осы Қағидаларға 4-қосымшада келтірілген. Тұтынушының сыртқы электрмен жабдықтау схемасы желілерге қосу жоспарланған энергия беруші және (немесе) энергия өндіруші ұйыммен келісіледі.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – КР Энергетика министрінің 06.02.2020 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

12. Энергия беруші немесе энергия өндіруші үйым қосылу үшін техникалық шарттарды мынадай жағдайларда:

1) энергия беруші (энергия өндіруші) үйымның электр желілеріне жаңа енгізілген немесе жаңартылған электр қондырғыларын қосқанда;

2) тұтынылатын электр қуаты бұрын берілген техникалық шарттарда белгіленген қуаттан артқанда;

3) электрмен сырттай жабдықтау схемасы өзгергенде;

4) тұтынушының электр энергиясы қабылдағыштарын электрмен жабдықтау сенімділігінің санаты өзгергенде береді;

5) тұтынушының жазбаша келісімі болған кезде бұрын берілген техникалық шарттарда көрсетілген қуаттан тұтынылатын электр қуатын азайту

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 30.11.2015 № 678 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 20.12.2024 № 471 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

13. Энергия беруші немесе энергия өндіруші үйым тұтынушыдан еркін нысанда өтініш алғаннан кейін жаңадан енгізілетін немесе реконструкцияланатын Электр қондырғыларын қосуға техникалық шарттар:

- техникалық жағынан күрделі емес объектілер үшін-5 (бес) жұмыс күні ішінде;
- техникалық күрделі объектілер үшін - 10 (он) жұмыс күні ішінде береді.

Техникалық шарттар орындалғаннан кейін тұтынушы мен энергия беруші үйым арасында осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес тұтынушыны қосу схемасымен электр желілерінің теңгерімдік тиесілігін және тараптардың пайдалану жауапкершілігін ажырату актісі жасалады.

Көппәтерлі тұрғын үйлер үшін энергия беруші үйым мен кондоминиум объектісін басқаратын орган арасында теңгерімдік тиесілігін ажырату актісі жасалады.

Салынып жатқан объектілерді электрмен жабдықтау үшін тұтынушыға құрылыш кезеңінде уақытша техникалық шарттар беріледі.

"Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабының 7-1-тармағына сәйкес құрылыштың нормативтік ұзақтығы үш жылдан астам асып кетсе, уақытша техникалық шарттардың қолданылу мерзімі құрылыштың басталғаны туралы растайтын құжаттар ұсынылған жағдайда құрылыш кезеңіне ұзартылады.

Құрылыштың басталғаны туралы растайтын құжаттарды берілген күннен бастап үш жыл өткеннен кейін ұсынбаса техникалық шарттар жарамсыз болып саналады.

Техникалық шарттарды беру энергия беруші үйимның электрлік желілеріне немесе энергия өндіруші үйимның электр қондырғыларына қосылуға техникалық мүмкіндігі болған жағдайда жүзеге асырылады.

Жобаланатын желілерден техникалық шарттарды беру тәртібі Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 750 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12684 болып тіркелген) құрылыш салуды ұйымдастыру және құрылыш саласында рұқсат беру ресімдерінен өту қағидаларына сәйкес айқындалады.

Техникалық шарттарды беру және қайта ресімдеу үшін төлем алынбайды.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 20.12.2024 № 471 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Энергия беруші ұйым өзінің интернет-ресурсында электрмен жабдықтау желісіне қосылу және техникалық шарттарды беру процесіне арналған бөлімді ашады, онда мыналар:

электрмен жабдықтау желілеріне технологиялық қосылуға арналған бөлімді әзірлеу;

кемінде 3 ай мерзімділігімен жүктелетін шағын станцияларды жүктеу туралы ақпаратты орналастыру қамтылады.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 31.05.2016 № 228 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Алып тасталды – ҚР Энергетика министрінің 06.02.2020 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Электр қондырғылары тұтынушылардың электр желілеріне қосылатын қосалқы тұтынушылар тұтынушыға берілген техникалық шарттарды тұтынушыға техникалық шарттарды берген энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымымен келісіледі.

Энергия беруші немесе энергия өндіруші ұйымның техникалық шарттарды қосалқы тұтынушыларға тұтынушының келісімімен беруіне жол беріледі.

17. Тұтынушыны энергия беруші ұйымның электр желілеріне немесе энергия өндіруші ұйымның электр қондырғыларына жалғауға берілетін техникалық шарттарда мыналар көрсетіледі:

- 1) техникалық шарттар берілген жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) немесе занды тұлғаның атауы;
- 2) электрмен жабдықтау объектісінің атауы;
- 3) объектінің орналасқан жері (қала, ауыл, көше);
- 4) электр тұтынуының рұқсат етілген қуаты;
- 5) электр энергиясын тұтыну сипаты (үнемі, уақытша, маусымды);
- 6) электрмен жабдықтауың сенімділік дәрежесі;
- 7) қуаттың рұқсат етілген коэффициенті;
- 8) қосылу нұктелері (шағын станция, электр станциясы немесе электр тарату желісі)

9) қосылатын электр тарату желілеріне (бұдан әрі – ЭТЖ) және шағын станциялар жабдығына қойылатын негізгі техникалық талаптар.

10) жаңа тұтынушының пайда болуына байланысты қолданыстағы электр желісін күшету бойынша дәлелді талаптар – сымдардың қималарын ұлғайту, трансформатордың қуатын ауыстыру немесе көбейту, тарататын құрылғылардың қосымша ұяшықтарын салу;

11) техникалық шарттарды беру себебі;

12) техникалық шарттардың қолданылу мерзімі.

Егер энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымда, сондай-ақ тұтынушыларда жеке меншік құқығында электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматты жүйесі (бұдан әрі – ЭЭКЕАЖ) орнатылған трансформаторлық шағын станциялары болса, онда қосымша техникалық шарттарда төмендегі талаптар көрсетіледі:

ЭЭКЕАЖ қолданумен электр энергиясын коммерциялық есепке алуды ұйымдастыру;

релелік қорғаныс пен автоматика, диспетчерлік басқару: телеөлшем, телебасқару мен байланыс каналдарын ұйымдастыру құралдарымен электр қондырғыларды жарақтандыру;

реактивті қуатты өтеу.

Техникалық шарттардың қолданылу мерзімі электр қондырғысын жобалау және салудың нормативтік мерзіміне сәйкес болады.

Құрылышы басталған объектілердің техникалық шарттарының жарамдылық мерзімі тұтынушының қолдану мерзімі өтпес бұрын берген өтініші бойынша ұзартылады.

18. Тұтынушы техникалық шарттарда көрсетілген талаптармен келіспеген жағдайда, энергетикалық сараптама жүргізу үшін сараптама ұйымына жүгінеді. Сараптама ұйымы тұтынушының өтініші бойынша энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымға жүгінген кезде, энергия беруші (энергия өндіруші) ұйым барлық сұратылған мәліметтерді ұсынады.

Тұтынушы энергетикалық сараптаманың техникалық шарттарда көрсетілген талаптарының дәйексіздігі туралы қорытындысы негізінде техникалық шарттар алу үшін энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымға еркін нысанда өтінішті қайта береді.

Техникалық шарттарда көрсетілген талаптарды өзгертуден қайта бас тартқан жағдайда, тұтынушы Қазақстан Республикасының белгіленген азаматтық заннамасымен электр беруші (электр өндіруші) ұйымның әрекетіне шағым береді.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 06.02.2020 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Мәлімделген қуаты 5 мегаваттан (бұдан әрі – МВт) жоғары электр желісінің пайдаланушыларын электр беруші (электр өндіруші) ұйымның электр желісіне қосу техникалық шарттары Жүйелік оператормен келісіледі. Мәлімделген қуаты 1-5 МВт

электр желісінің пайдаланушыларын электр беруші (электр өндіруші) үйымның электр желісіне қосу техникалық шарттарының көшірмелері бір айдың ішінде Жүйелік операторға мәлімет үшін жолданады.

Жүйелік оператормен мәлімделген қуаты 5 МВт жоғары электр желісінің пайдаланушыларын энергия беруші (энергия өндіруші) үйымның электр желісіне қосуға арналған техникалық шарттар келісілмеген кезде электр желісінің тиісті пайдаланушылары энергия беруші (энергия өндіруші) үйымның электр желілеріне қосылмайды.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің м.а. 22.10.2021 № 325 (алғашқы реесми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-параграф. Тұтынушыларды электр қондырғыларын пайдалануға жіберу

20. Тұтынушылардың барлық қайта қосылатын және қайта құрылатын электр қондырғылары жобалық және техникалық қабылдау-тапсыру құжаттамасына сәйкес орындалады.

21. Тұтынушылардың электр қондырғыларына кернеу беру мынадай тәртіпте және мерзімде жүргізіледі:

1) құрылыш-монтаж үйимы (занды тұлғалар үшін) немесе тұтынушы (жеке тұлғалар үшін) энергия беруші (энергия өндіруші) үйимға, техникалық шарттардың орындалуы және электр қондырғыларына кернеу беруге дайындығы туралы хабарламаны (еркін нысанда) және осы Қағидалардың 4-тармағының 1), 3), 4), 5) және 7) тармақшаларында немесе осы Қағидалардың 4-1-тармағының 1), 3), 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша электрмен жабдықтаудың шартын акцептеу туралы өтінішті жібереді.жібереді

2) энергия беруші (энергия өндіруші) үйим хабарламаны алған күннен бастап техникалық жағынан күрделі емес объектілер бойынша 3 (үш) жұмыс күні ішінде, техникалық жағынан күрделі объектілер бойынша 5 (бес) жұмыс күні ішінде сыртқы қосылуды қарап тексеруді және орындалған жұмыстардың берілген техникалық шарттарға сәйкестігін жүргізеді.

Осы Қағидалардың 4-тармағының 2) және 6) тармақшаларында немесе 4-1-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген құжаттарды энергия беруші (энергия өндіруші) үйим дайындейді.

Осы Қағидаларда көрсетілмеген құжаттарды талап етуге тыйым салынады.

Тұтынушылардың электр қондырғыларының құрылыш-монтаждау жұмыстарын және сынақтарды "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес лицензиясы бар үйымдар орындаиды.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда – КР Энергетика министрінің 06.02.2020 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - КР Энергетика министрінің 20.12.2024 № 471 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрықтарымен.

21-1. Сыртқы қосылудың кемшіліктері және орындалған жұмыстардың берілген техникалық шарттарға сәйкесіздігі анықталған жағдайда энергия беруші (энергия өндіруші) ұйым сыртқы қосылысты қараған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде анықталған кемшіліктер туралы акт береді.

Анықталған кемшіліктер туралы актіде көрсетілген кемшіліктерді жойғаннан кейін құрылыш-монтаж ұйымы (мердігер) немесе тұтынушы энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымға техникалық шарттардың орындалуы және электр қондырғыларына кернеу беруге дайындығы туралы қайта (еркін нысанда) хабарлама жібереді.

Энергия беруші (энергия өндіруші) ұйым қайта өтініш алған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде сыртқы қосылуды қарауды жүргізеді және осы Қағидалардың 21-тармағына сәйкес тұтынушының электр қондырғыларын қосуды жүргізеді және қайта тексерілгеннен кейін ескертулер жойылмаған жағдайда, келесі тексеру 1 (бір) ай өткеннен кейін жүргізілетінін жазбаша түрде хабардар етеді.

Сыртқы қосылуды қайта қарау кезінде сыртқы қосылуды бастапқы тексеру кезінде көрсетілмеген ескертулер беруге жол берілмейді.

Қайта тексергеннен кейін кемшіліктер жойылмаған жағдайда энергия беруші (энергия өндіруші) ұйым сыртқы қосылуды қарап тексеруді жүргізбейді және техникалық шарттардың орындалуы және соңғы тексеру күнінен бастап 1 (бір) ай ішінде электр қондырғыларына кернеу беруге дайындығы туралы хабарламаны (еркін нысанда) қабылдамайды.

Ескерту. 3-параграф 21-1-тармақпен толықтырылды – КР Энергетика министрінің 31.10.2017 № 366 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – КР Энергетика министрінің 06.02.2020 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрықтарымен.

22. Алып тасталды – КР Энергетика министрінің 08.12.2016 № 521 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

23. Алып тасталды – КР Энергетика министрінің 06.02.2020 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

23-1. Тұтынушыға электр энергиясын қосу және босату электр энергиясын коммерциялық есепке алу жүйесін қабылдау актісі болған кезде ғана жүзеге асырылады

Ескерту. 3-параграф 23-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Энергетика министрінің 31.10.2017 № 366 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Электр энергиясын тұтыну сипаты маусымды болып табылатын электр қондырғыларға кернеу жіберу тұтынушы энергиямен жабдықтаушы ұйымға тұтынушының электр қондырғыларын сараптама ұйымымен еркін нысанда күәландыратын техникалық актіні бергеннен кейін жүзеге асырылады.

25. Электр қондырғыларын пайдалануға беру тәртібі тұтынушылардың (қосалқы тұтынушылардың) қайта қосылған және қайта жаңғыртылған электр қондырғыларына таралады.

26. Электр қондырғыларын пайдалануға беру тұтынушыда тиісті біліктілігі бар электр техникалық персоналы және электр қондырғысының сенімді, қауіпсіз жұмысына жауапты тұлға немесе тұрмыстық тұтынушыларды және жиынтық қуаты 5 кВт-тан кем (техникалық шарттарға сәйкес) электр қондырғылары бар тұрмыстық емес тұтынушыларды қоспағанда, қолданыстағы электр қондырғыларының жұмысына кіруге рұқсат етілген қызметкерлер құрамы бар ұйыммен жасасқан электр қондырғыға қызмет көрсету шарты болғанда ғана рұқсат етіледі.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 20.12.2024 № 471 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Тұтынушылардың электр қондырғыларында құрастырудың кемшіліктер, берілген техникалық шарттардан, жобалық құжаттамадан және нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарынан ауытқу, электр қондырғыларының сенімді, қауіпсіз жұмысына жауапты тұлғаның, электр қондырғылары пайдалануға берілмейді.

4-параграф. Электр энергиясын тұтыну шарттары мен режимі

28. Электрмен жабдықтауға жасасқан шартқа сәйкес энергиямен жабдықтаушы немесе энергия өндіруші ұйым тұтынушыларды электр энергиясымен жылдық, тоқсандық, айлық жоспарларға және электр энергиясын жіберу тәуліктік кестесіне сәйкес үздіксіз жеткізіп отырады.

29. Тенгерімінде өңірлік электр желілік компанияның (немесе басқа энергия беруші ұйымның) желісіне қосылған электрлік желісі бар немесе жалға алған энергия беруші ұйым өзінің электрлік желілеріндегі электр энергиясы шығынын өтеу үшін энергия өндіруші ұйымнан электр энергиясын сатып алады, бұған қоса олар электр энергиясы шығынының жоғарыда көрсетілген көлемін өңірлік электр желілік компаниядан (немесе басқа энергия беруші ұйымдар) электр энергиясы тасымалданатын электрлік желілері арқылы тарату шартын жасасады.

30. Электр энергетикасы обьектілерінде технологиялық бұзушылықтар болған жағдайда, тұтынушыларды электрмен жабдықтау энергия беруші ұйымдар әзірлейтін электр энергиясын авариялық броңы мөлшерінде жеткізуді қамтамасыз ететін схемалар бойынша жүзеге асырылады.

31. Электр желілеріне тұтынушының электр қондырғылары жалғанған энергия беруші (энергия өндіруші) ұйым немесе жүйелік оператор тұтынушыға электр энергиясын таратуға қатысатын электр энергиясымен жабдықтау ұйымын және барлық энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымдарды алдын ала ескертіп, электр энергетикасы обьектілерін авариялық броңы бойынша электрмен жабдықтау тәртібін белгілейді.

5-параграф. Электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі тараптардың пайдалану жауапкершілігінің шекарасы

32. Тараптардың электр қондырғылардың жай-күйі мен оларға қызмет көрсету үшін пайдалану жауапкершілігінің шекарасы олардың теңгерімдік тиесілігімен белгіленеді және электрлік желілердің теңгерімдік тиесілігі мен тараптардың пайдалану жауапкершілігін шектеу актісінде көрсетіледі.

33. Тараптардың кернеуі 1000 вольт (бұдан әрі – В) және одан да жоғары электр қондырғылардың күту, қызмет жасау мен техникалық жай-күйі бойынша пайдалану жауапкершілігінің шекарасы:

1) жабық тарату құрылғыларының сырт жағындағы әуе желісінің өтпелі оқшаулағышының жалғанымы мен ашық тарату құрылғылары оқшаулағыштарының тартпалы порталды тізбегінің керілген қысқышынан шығатын сымның шығар жерінде ;

2) қоректендіру және кері қайту желілердің кабельдік немесе әуе кірмелерінің үшінда белгіленеді.

34. Тұрлі тұтынушыларға тиесілі дәнекері бар (бітеу немесе айырғыштар арқылы) кернеуі 1000 В және одан да жоғары ЭТЖ жағдайы үшін күту, қызмет жасау мен техникалық жай-күйі пайдаланудың жауапкершілік шекарасы және оларға қызмет көрсету дәнекер жүргізілген негізгі желінің тіреуішінде бекітіледі.

Дәнекерді жалғастыруши қысқыштардың жай-күйі мен оларға қызмет көрсетуін теңгерімінде негізгі желі тұрган ұйымға жүктеледі.

35. Тараптардың келісімі бойынша шартпен электр қондырғыларды пайдалану ерекшеліктерімен шарттыланған өзге тараптардың пайдалану жауапкершілігінің шекарасы белгіленеді.

36. Тұтынушы мен энергия беруші ұйым арасындағы кернеуі 1000 В дейінгі электр қондырғыларын күту, оларға қызмет көрсету және олардың техникалық жағдайы үшін тараптардың пайдалану жауапкершілігінің шекарасы:

- 1) әуелік тармақталу кезінде – тіреулерге орнатылған өтпелі және соңғы оқшаулағыштағы қоректендіру желісін қосу түйіспесінде;
- 2) кабельдік қосылу кезінде – ғимаратқа кірердегі қоректендіру кабелінің ұштарындағы бұрандалы жалғанымдарда белгіленеді;

3) көппәтерлі тұрғын үйлерге кабельді қосу кезінде көппәтерлі тұрғын үйдің бас тарату шкафындағы қоректендіру кабелінің болтты қосылыстарының ұштары анықталады (бар болса).

Тараптардың пайдалану жауапкершілігінің шекарасы осы тармақта көрсетілген жерлерге сәйкес келмеген жағдайда, шекара тікелей шартта анықталады.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда - КР Энергетика министрінің 20.12.2024 № 471 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

37. Тұтынушының энергиямен жабдықтау үйымының басқа тұтынушыларына электр энергиясы тасымалданатын электр қондырғыларын жөндеуге шығару, сондай-ақ аталған жабдықты жөндеуден кейін қосу энергиямен жабдықтаушы үйыммен келісілгеннен кейін жүргізіледі.

6-параграф. Есепке алу құралдарын орнату және пайдалану

38. Энергиямен жабдықтаушы үйыммен тұтынудың электр энергиясы бойынша есеп айырысу үшін электр энергиясын тұтынушылардың электр қондырғылары қажетті коммерциялық есепке алу құралдарымен қамтамасыз етіледі. Электр энергиясының есебін жүргізу үшін типтері Өлшем бірліктерін қамтамасыз ететін мемлекеттік тізілімге енгізілген және энергия беруші (энергия өндіруші) үйымда коммерциялық есепке алу құралдарының автоматтандырылған паркі болған жағдайда, алыстағы байланысқа бұрын орнатылып, икемделген құрал-жабдықтың ЭКЕАЖ жұмыс өлшемдеріне толық сәйкес келетін жұмыс өлшемдерін ұстайтын электр энергиясының коммерциялық есепке алу құралының түрі пайдаланылады.

Электр тұтынудың 100 кВт, астам шарттық қуаты бар, электр энергиясы белгіленіп, жеткізілген тұтынушыларда тұтынудың электр энергиясы, жүктемелердің қуаты мен сағаттық кестесі туралы деректерді жадында ұзақ уақыт сақтайтын активті және реактивті энергияның коммерциялық есепке алу құралдары болады.

Электр тұтынудың 40-100 кВт шарттық қуатымен еркін жеткізілетін электр энергиясын тұтынушыларда тұтынудың электр энергиясы туралы деректерді жадында ұзақ уақыт сақтайтын активті және реактивті энергияның және максималды қуаттағы есептеуіштер болады.

Электр тұтынудың 40 кВт дейінгі шарттық қуатымен электр энергиясы еркін жеткізілетін тұтынушыларда активті энергия есептеуіштері орнатылады.

39. Тұтынушыларда қондырылатын электр энергиясының коммерциялық есепке алу құралы энергия беруші үйымның ЭКЕАЖ-де тұтынылған электр энергиясының көлемі туралы деректерді тарату құрылғыларымен жабдықталады.

Жаңа салынып жатқан және қайта құрылатын объектілерде электр энергиясының коммерциялық есепке алу құралын ЭКЕАЖ мақсатында орнату тұтынушының есебінен , ал электр энергиясын тұрмыстық қажеттілікке пайдаланатын тұтынушылардың бұрын қойылған коммерциялық есепке алу құралын ауыстыру, аталмыш норма электр энергиясы тарифінің ішіне кіретін жағдайда ғана энергия беруші үйымның есебінен жүргізіледі.

Тұтынушыларға бұрын қойылған коммерциялық есепке алу құралын энергия беруші үйымның ЭКЕАЖ-де тұтынылған электр энергиясының көлемі туралы деректерді тарату құрылғыларымен жабдықталған есепке алу құралына ауыстыру үшін энергия беруші үйимдар өкілдеріне қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 30.11.2015 № 678 (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

40. Электрмен жабдықтаудың бір көзінен бірнеше тұтынушылар қуаттанған жағдайда, электр энергиясын есепке алу әрбір тұтынушы үшін жүзеге асырылады.

41. Электр энергиясының коммерциялық есепке алу құралдарын ұстау, техникалық қызмет көрсету және салыстырып тексеру теңгерімдік тиесілікке сәйкес жүзеге асырылады. Тұтынушымен жасасқан шартқа сәйкес электр энергиясының коммерциялық есепке алу құралдарына техникалық қызмет көрсетуді энергия беруші үйим немесе қызметтің осындай түріне рұқсаты бар өзге мамандандырылған үйим жүргізеді.

42. Электр энергиясының коммерциялық есепке алу құралдарын салыстырып тексеру Қазақстан Республикасының өлшем бірліктерін қамтамасыз ету мемлекеттік жүйесінің тізілімінде көрсетілген мерзімдерде салыстыру тексерісалық интервалға сәйкес жүргізіледі. Мұдделі тараптардың бірінің өтініші бойынша коммерциялық есепке алу құралдарын жоспардан тыс салыстырып тексеру жүргізіледі.

Жоспардан тыс салыстырып тексеру өткізгенде және коммерциялық есепке алу құралының жарамдылығын белгілеген жағдайда, салыстырып тексеру шығынын (оның ішінде алу және қондыру бойынша) жоспардан тыс тексеруге бастама болған тарап өтейді.

43. Егер салыстырып тексеру кезінде электр энергиясын коммерциялық есепке алу құралдарының көрсеткіштері олардың дәлдік сыйныбымен рұқсат етілетін кінараттан асып кетсе немесе электр энергиясын есептеу схемасында электр энергиясын коммерциялық есепке алу құралдарының дәлдігін бұрмалайтын бөгде элементтер табылса, онда жоспардан тыс салыстырып тексеру бойынша шығындарды электр энергиясын коммерциялық есепке алу құралдарының тұтынушысы өтейді.

44. Энергиямен жабдықтаушы, энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымдар мен тұтынушы арасында есеп айырысу үшін электр энергиясын есепке алу электр желілерінің тенгерімдік тиесілігі шекарасында жүргізіледі.

45. Электр энергиясын коммерциялық есепке алу аспабын электр желісінің тенгерімдік тиесілік шекарасынан тыс орнатқан жағдайда, электр желісінің тенгерімдік тиесілік шекарасынан электр энергиясының коммерциялық есепке алу аспаптарын орнатқан жерге дейінгі участкедегі электр энергиясының шығындары шарт негізінде тенгерімде электр желісінің көрсетілген участкесі тұрған иегердің меншігіне жатқызылады және Тұтынушының келісімі бойынша энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымның есептік жолымен анықталады.

Ескерту. 45-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 06.02.2020 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

46. Пломбалау құрылғылары МЕМСТ 31283-2004 "Индикаторлық пломбалар. Жалпы техникалық талаптар.".Мемлекетаралық стандарт талаптарына сәйкес қолданылады.

Ескерту. 46-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 20.12.2024 № 471 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

47. Электр қондырғысының иесі электр энергиясын коммерциялық есепке алу құралдарын қуаттандыратын кернеу трансформаторларының айыру жетектерін, есептеу құралдарына келетін сымдардағы қысқыштардың жинамаларын, сондай-ақ коммерциялық есепке алу құралдарына дейін орналасқан кірме коммутациялық аппараттардың шкафтарын рұқсатсыз пайдаланудан сақтау үшін қоршаумен жабады және энергия беруші (энергия өндіруші) ұйым оларға тұтынушының қатысуымен пломба қояды.

Кернеі 0,4 кВ қондырғыларда кірме қондырғылардан бастап токты өлшеу трансформаторларына дейін қоса алғанда, барлық ток жүргізу бөліктері қоршауға және пломбалауға жатады.

Тұтынушы батареяларды пайдаланбаған жағдайда, энергия беруші (энергия өндіруші) ұйым статикалық конденсаторлар батареялары жетектерінің тұтқаларын пломбалайды.

Электр энергиясын коммерциялық есепке алу құралдарына дейінгі кірме кабельдері (симдары) бүтін, қарай алатындей, шиыршықталмаған және тазаланған болады.

Электр энергиясын есепке алу схемасын өзгерту немесе пломбаларды (таңбаларды), электр энергиясын коммерциялық есепке алу жүйесін бұзумен байланысты кез келген жұмыс түрін жүргізerde, тұтынушы жұмысты бастамас бұрын жазбаша түрде энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымды ескертіп, тиісті рұқсат алады.

49. Жөндеу жұмысын жүргізу кезеңінде электр энергиясын есептеу энергия беруші (энергия өндіруші) ұйыммен келісілген уақытша электр энергиясын есептеу схемалары бойынша жүзеге асырылады.

Соңғы шағын станцияны толық ажырату арқылы трансформаторлық шағын станцияларға жөндеу жұмыстары жүргізіліп болғаннан кейін энергия беруші (энергия өндіруші) ұйым қажетінше, коммерциялық есепке алу схемаларына кезектен тыс тексеріс жүргізеді.

7-параграф. Электр энергиясын беруді тоқтату (шектеу) шарттары

50. Электр энергиясын беру, сондай-ақ беруді тоқтату (шектеу) тұтынушымен жасалған электрмен жабдықтау шартының негізінде жүзеге асырылады. Электр қабылдағыштарының санаты мен электрмен жабдықтау сенімділігімен қамтамасыз ету және электрлік желіге қосу схемасы нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарына сәйкес белгіленеді және электрмен жабдықтау шартында келісіледі.

51. Энергия беруші (энергия өндіруші) ұйым электрмен жабдықтаушы ұйымның өтінімі бойынша электрмен жабдықтау шартында белгіленген мерзімдерде электр энергиясы үшін ақы төленбекен, толық төленбекен кезде, сондай-ақ электрмен жабдықтау шартында белгіленген электр энергиясын тұтыну режимі бұзылған кезде электр энергиясын беруді ішінара немесе толық тоқтатады.

Энергия беруші (энергия өндіруші) ұйым осы Қағидалардың бұзушылықтарын жою туралы энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымның талаптарын белгіленген мерзімдерде орынданмаған кезде тұтынушыға электр энергиясын беруді толық тоқтатуды жүзеге асырады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген бұзушылықтар анықталған кезде энергиямен жабдықтаушы ұйым Қазақстан Республикасы Энергетика Министрінің 2015 жылғы 20-ақпанды № 111 бүйрекшімен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10533 болып тіркелген) электр энергиясының бөлшек сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі, сондай-ақ осы нарықта қызметтер көрсету қағидаларының 5-2-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, тұтынушыға (тұрмыстық қажеттіліктер үшін электр энергиясын пайдаланатын тұтынушыға) электр энергиясын жеткізу тоқтатылғанға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын мерзімде тұтынушыны (электр энергиясын тұрмыстық қажеттіліктер үшін пайдаланатын тұтынушыны - кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын) жазбаша ескерте отырып (хабарлама беру жолымен) немесе тұтынушыларға тұтынушының шарт акцептінде көрсетілген тәсілдермен (электрондық пошта, факс, пошта жөнелтілімі, қысқа мәтіндік хабарлама, мультимедиялық хабарлама, қолданыстағы мессенджерлермен) хабарлама жіберу арқылы электр энергиясын жеткізуді тоқтатуға (ішінара немесе толық) энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымға өтінімді жібереді.

Ескерту. 51-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 20.12.2024 № 471 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

52. Энергия беруші (энергия өндіруші) ұйым электр энергиясын беруді мына жағдайларда алдын ала хабарламай, толық тоқтатады:

1) энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымның желісіне электр энергиясының қабылдағыштарын өз еркімен жалғау;

2) электр энергиясының коммерциялық есепке алу құралдарынан басқа (есепсіз) электр энергиясының қабылдағыштарын қосу;

3) тұтынушының кінәсінен электр энергиясы сапасының көрсеткіштерін энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымның және басқа тұтынушылардың электр қондырғыларының қызметін бұзатын мәнге дейін түсіру;

4) энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымның және энергетикалық қадағалау және бақылау органдарының өкілдерін жұмыс уақытында тұтынушының электр энергиясын коммерциялық есепке алу құралдары мен электр қондырғыларына жібермеу (іссапарға жіберілген жұмыскер құқығында);

5) апатты жағдайда.

53. Энергиямен жабдықтаушы және (немесе) энергия беруші ұйым резервтік қуаттандыру болмаған жағдайда, жабдықты жөндеу және жаңа тұтынушыларды қосу бойынша жоспарлы жұмыстарды жүргізу үшін тұтынушыны электр энергиясымен жабдықтауды тоқтату туралы ажыратудан құнтізбелік үш күн бұрын ескертеді.

54. Энергия беруші ұйым адам өміріне қауіпті, айтарлықтай экономикалық зиянфа, коммуналдық шаруашылықтың және электрмен жабдықтау жүйесінің айрықша маңызды элементтерінің істен шығуына әкелуі мүмкін апартардың алдын алу немесе жою бойынша шұғыл шараларды қабылдау үшін тұтынушыны дереу хабарлап, сұраныс бойынша электр энергиясымен жабдықтауды тоқтатады.

55. Тұтынушы электрмен жабдықтау шарты бойынша қолдануға рұқсат етілген электр қуатынан асып кеткен жағдайда, энергия беруші (энергия өндіруші) және (немесе) энергиямен жабдықтаушы ұйым тұтынушыдан жүктемені электрмен жабдықтау шартында белгіленген мәнге дейін түсіруін талап етеді. Тұтынушыны электр жүктемесін түсіру жөнінде хабарлау тәртібі электрмен жабдықтау шартымен белгіленеді.

8-параграф. Электр энергиясы үшін есеп айырысу

56. Алып тасталды - ҚР Энергетика министрінің 31.05.2016 № 228 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

57. Заңының 18 және 19-баптарына сәйкес электр энергиясының тұтынушылары электр энергиясын энергиямен жабдықтаушы ұйымдардан сатып алады.

58. Электрмен жабдықтау шартының және осы Қағидалардың талаптарына сәйкес Тұтынушы тұтыныштың электр энергиясы үшін есеп айырысуды энергиямен жабдықтаушы ұйым қағаз тасығышта жазып берген төлем құжаты бойынша (оның ішінде бірыңғай төлем құжатының құрамында) не "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес дербес деректердің құпиялыштың қорғауды сақтай отырып, энергиямен жабдықтаушы ұйымның немесе бірыңғай есеп айырысу ұйымының интернет-ресурсында орналастыру құралдары бойынша электр энергиясының коммерциялық есепке алу аспаптары немесе тұтынудың өзге де есептеу аспаптарының нақты көрсеткіштері негізінде жүргізеді.

Төлем құжаттарын пошта байланысы, интернет-ресурс, энергиямен жабдықтаушы ұйымның персоналы немесе бірыңғай есеп айырысу ұйымы арқылы жеткізеді.

Төлем құжатын тек интернет-ресурс арқылы немесе шарт акцептінде Тұтынушының жазбаша келісімі болған жағдайда, бірыңғай есеп айырысу ұйымына алуға жол беріледі.

Ескерту. 58-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 06.02.2020 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

59. Есептік кезеңнің ұзақтығы, жіберілген электр энергиясы үшін есеп айырыудың мерзімі, шарттары және нысандары тараптардың келісімі бойынша электрмен жабдықтау шартында анықталады.

60. Электр энергиясы сапасының төмендеуіне кінәлі тұлға электр энергиясы бөлшек сауда нарығының субъектісіне келтірген залалды өтейді.

61. Коммерциялық есепке алу тұтынушының кінәсінан емес (пломбаның бүтіндігі және алдыңғы актіде көрсетілген есепке алу аспабын орнату және аспаптық тексеруге сәйкес келген жағдайда) бұзылуы анықталған жағдайда тұтыну есебі энергия беруші ұйым электр энергиясының қаржысы мен есепке алу схемасы дұрыс болған алдыңғы немесе түзетілген келесі есептік кезеңнің орташа тәуліктік шығыны бойынша жүргізеді . Есеп айырысу кезеңі бұзылу анықталған күннен бастап коммерциялық есепке алууды бұрынғы қалпына келтіру күніне дейінгі аралықты қамтиды, алайда ол мерзім күнтізбелік отыз күннен аспауы қажет.

Тұтынушы коммерциялық есепке алууды бұзушылық анықталған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде қалпына келтіреді.

Бұзылу анықталған күннен кейін күнтізбелік 30 (отыз) күн өткен соң коммерциялық есепке алу қалпына келмеген жағдайда энергия беруші ұйым тұтынушыға электр энергиясын беруді тоқтатады.

Бұл ретте энергия беруші (энергия өндіруші) ұйым тұтынушыдан пломбалуға өтінім түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей электр энергиясының коммерциялық есебін пломбалайды.

Тұтынушылардың өтінімі еркін нысанда жазбаша форматта ресімделеді, сондай-ақ осы өтінімдерді энергия беруші (энергия өндіруші) үйым тіркейтін телефон байланысы арқылы ауызша өтінім беруге болады.

Ескерту. 61-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 20.12.2024 № 471 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

62. Егер Тұтынушы электрмен жабдықтау шартының талаптарын бұзғаны немесе осы Қағидалардың талаптарын бұзғаны үшін ажыратылса, онда оны энергия беруші (энергия өндіруші) үйым Тұтынушының бұзылуларды жою және қосылу жөніндегі көрсетілетін қызметке ақы төленгенін растайтын құжаттары қоса берілген өтінішпен жүгінгенне кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде қосады.

Осы Қағидалардың талаптарын бұзуды жоймаған кезде энергия беруші (энергия өндіруші) үйым қосуды жүргізбейді.

Ескерту. 62-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 20.12.2024 № 471 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

63. Энергия беруші (энергия өндіруші) үйым жарты жылда 1 (бір) рет коммерциялық есепке алу аспабының көрсеткіштерін алу кезінде оған шолып қарау тексерісін жүргізеді. Коммерциялық есепке алудың тексерілгені туралы еркін нысанда акт жасайды, пломбының (таңбасының) немесе пломбалашу құрылғысының болуын немесе болмауын, жүргізуге құқығы бар үйымның алғашқы немесе мерзімдік тексеру туралы, коммерциялық есепке алу құрылғысының әйнегі мен корпусының тұтастығын, энергия беруші (энергия өндіруші) үйым бұрын белгілеген орындарда энергия беруші (энергия өндіруші) үйымның пломбалашу құрылғысының болуын немесе болмауын жазады.

Пломбалашу (таңба), құқығы бар үйымның алғашқы немесе мерзімдік тексеруі, коммерциялық есепке алу аспабы шынысының және корпусының тұтастығын, энергия беруші (энергия өндіруші) үйым бұрын белгілеген орындарда энергия беруші (энергия өндіруші) үйымның пломбалашу құрылғысының болуы немесе болмауы туралы фактілері анықталған кезде электр энергиясын коммерциялық есепке алу аспабын (бұдан әрі – КЕА) жоспардан тыс тексеру тағайындалады.

Ескерту. 63-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 20.12.2024 № 471 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

64. Электр энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін алу мүмкін болмаған кезде және егер бұл ретте тұтынушы өзі пайдаланған электр энергиясының мөлшері туралы мәліметтерді өзі ұсынбаса, тұтынуды есептеу

энергияны коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесін пайдалану жағдайларын қоспағанда, электр энергиясының алдыңғы кезеңдегі орташа тәуліктік шығысы бойынша жүргізіледі.

Ескерту. 64-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 20.12.2024 № 471 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

65. Тараптардың келісімі бойынша тұтынушы өздігінен электр энергиясын коммерциялық есепке алу құралдарының көрсеткіштерін алғып, оларды энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымға тапсыруына болады. Тұтынушының электр энергиясын коммерциялық есепке алу құралдарының көрсеткіштерін алу кезінде жіберген қателіктерін энергия беруші (энергия өндіруші) және (немесе) энергиямен жабдықтаушы ұйым олардың анықталуы бойынша түзетеді.

66. Энергия беруші (энергия өндіруші) ұйым мына бұзушылықтар болғанда:

- 1) энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымның желілеріне өздігінен қосылу;
- 2) КЕА-ден басқа электр энергиясы қабылдағыштарын қосу;
- 3) КЕА, ток пен кернеу трансформаторларын қосу схемасының өзгеруі;
- 4) КЕА дискісінің жасанды тежелуі;

5) құрылғыларды орнату, КЕА жұмысына араласу, КЕА көрсеткіштерін бүрмалайтын ток трансформаторларын орнату, электрмен жабдықтауды тоқтатады, Тұтынушыға еркін нысанда бұзушылық туралы акт толтырады және қайта есептеу жүргізеді.

Қайта есептеу максималды жүктеме негізінде, бірақ техникалық шарттарға сәйкес рұқсат етілген қуаттан асырмай жүргізіледі. Қосылу схемасын өз бетінше өзгерту арқылы рұқсат етілген қуаттан асып кету бөлігінде техникалық шарттарды бұзу фактілері анықталған, техникалық шарттар болмаған кезде қайта есептеу тәулігіне 24 сағат жұмыс істеуді ескере отырып, кіріспе коммутациялық аппараттың ең жоғары өткізу қабілеттілігіне сәйкес жүргізіледі.

Қайта есептеу кезеңі КЕА соңғы ауыстыру немесе оны қосу схемасының соңғы аспаптық тексеру күнінен бастап бүкіл уақыт ішінде, бірақ бір жылдан аспайтын мерзімде анықталады.

Қайта есептеуге сәйкес есепке толық алынбаған немесе мұлде алынбаған электр энергиясының көлемі энергиямен жабдықтаушы ұйым таратқан электр энергиясы көлеміне қосылады және тұтынушыға ағымдағы есептік кезеңде қолданылатын жіберу тарифі бойынша төлеуге ұсынылады.

Тұтынушы электр желісіне электр энергиясының схемасы мен есепке алу құралдарындағы бұзушылықтары жойылғаннан кейін, қайта есептеу және электрмен жабдықтау шартын жасасу немесе электрмен жабдықтау шартына толықтырулар енгізу сомасы мен қосу сомасы өтелгеннен кейін қосылады.

Тұтынушы қайта есептеу бойынша мерзімінде толық төлем жүргізбекен немесе төлеуден бас тартқан жағдайда энергиямен жабдықтаушы ұйым, ал энергиямен жабдықтаушы ұйыммен электрмен жабдықтау шарты болмағанда энергия беруші ұйым материалдарды сотқа тапсырады.

Осы Қағидаларға сәйкес берілген техникалық шарттарды алмай және орындамай, электр желілеріне қосылу электр желілерін өз бетінше қосу болып табылады.

Ескерту. 66-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 20.12.2024 № 471 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

66-1. Көппәтерлі тұрғын үйлердің үйге ортақ желілерінде энергия беруші ұйым коммерциялық ысыраптарды анықтау және КЕА-ның техникалық жай-күйін бақылау (КЕА тексеру мерзімдері, жарамдылығы және өзге де сипаттамалары) жөніндегі қызметті жүзеге асырады және осы Қағидалардың 66-тармағында көрсетілген бұзушылықтарды анықтау кезінде, оның ішінде тұтынушы өз еркімен теңгерімдік тиесілілігін ажырату актісіне сәйкес энергия беруші ұйымдардың электр желілеріне жатпайтын үйге ортақ электр желілеріне қосылған кезде осы Қағидалардың 61-тармағында тиісті шаралар қабылдайды.

Ескерту. Қағидалар 66-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Энергетика министрінің 20.12.2024 № 471 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

66-2. Көппәтерлі тұрғын үйлерде кондоминиум объектісін басқару органы не кондоминиум объектісін тиісті жауапты өзге де уәкілетті тұлға осы Қағидалардың 66-тармағында көрсетілген бұзушылықтар анықталған кезде энергия беруші ұйымға осы Қағидалардың талаптарын бұзатын тұтынушының КЕА-сын аспаптық тексеру жүргізуге еркін нысанда өтінім жібереді. Бұзушылықтар расталған кезде энергия беруші ұйым осы Қағидалардың 66-тармағына сәйкес көзделген шараларды қабылдайды.

Ескерту. Қағидалар 66-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Энергетика министрінің 20.12.2024 № 471 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9-параграф. Электр энергиясын тұрмыстық қажеттілікке пайдаланатын тұтынушыларға арналған қосымша ережелер

67. Тұтынушылардың электр энергиясының коммерциялық есепке алу құралдары энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымның өкілдері оларды қарап тексеруі үшін кедергісіз жерлерге орнатылады.

68. Тұтынушының электр энергиясы қабылдағыштарын электр энергиясының коммерциялық есепке алу құралдарынсыз қосуға болмайды.

69. Энергиямен жабдықтаушы үйым электр энергиясын тұрмыстық қажеттілікке пайдаланатын тұтынушы үшін электр энергиясын шартпен белгіленген қуат шегінде оған қажетті мөлшерде жеткізеді.

70. Тұрғын үйдегі тұтынушы мен энергия беруші үйымның арасындағы электрлік желілердің техникалық жағдайы мен 1000 В дейінгі көрнеудегі электр қондырыларына қызмет көрсету бойынша тараптардың пайдалану жауапкершілігінің шекарасы төмендегідей анықталады:

1) бір қабатты және көп қабатты құрылыштарда әуеде тармақталу кезінде – 0,4 кВт жақын тірек оқшаулатқыштарындағы қуаттандыру желісінің жалғанған жерлерінде. Бұған қоса бір қабатты құрылыштарда оқшаулатқыштардағы қосылған жерлер мен электр есептеуіштің қысқыш қалыбы арасындағы электр өткізгіш айқын, оқшауланған, дәнекерсіз және шиыршықсыз болады;

2) кабельдік қосу кезінде – ғимаратқа кірер жерде қуаттандыруши кабельдің ұштарындағы бұрандамалы қосылымдарда.

71. Электр энергиясын тұрмыстық қажеттілікке пайдаланатын тұрмыстық тұтынушының құрылыштары мен басқа да жылжымайтын объектілердегі электр желілерінің теңгерімдік тиесілік шекарасындағы жалғанымдардың жай-күйі мен пайдалану қызметтерін энергия беруші үйым жауапты болады.

72. Энергия беруші (энергия өндіруші) үйым өкілінің тұтынушыға электр энергиясының коммерциялық есепке алу схемасын тексеру мақсатында келуі тиісті актімен ресімделеді. Акт энергия беруші (энергия өндіруші) үйым өкілінің және тексерілуші тұтынушының немесе оның өкілінің қолдары болған жағдайда ғана, заңды құшке ие. Акт тұтынушы қол қоюдан бас тартқан жағдайда да, заңды құшке ие болады, алайда оны құрамы кемінде үш адамнан тұратын энергия беруші (энергия өндіруші) үйым және кондоминиум объектісін басқару органының (соңғысы болған жағдайда) комиссиясы ресімдейді.

Кондоминиум объектісін басқару органы комиссия құрамына қатысадан бас тартқан кезде осы комиссияның құрамына бекітілген әкімшілік учаскедегі аумақтық бөлімше ведомствоны уәкілетті органының немесе аумақтық ішкі істер органы учаскелік полиция инспекторларының өкілдері мен олардың көмекшілері енгізіледі.

Ескерту. 72-тармаққа өзгеріс енгізілді - КР Энергетика министрінің 20.12.2024 № 471 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

73. Электр энергиясын тұрмыстық қажеттілікке қолданатын тұрмыстық тұтынушы пәтерде (үйде) уақытша (3 айдан астам) немесе тұрақты тұрмаса, энергиямен жабдықтаушы үйымға еркін нысанда сапарға шығуы жөнінде өтініш қалдырып, шығу күні бойынша электр энергиясы үшін есептеседі.

74. Жарғылық құжаттар негізінде азаматтардың ұжымын біріктіретін үйымдар және өзінің теңгерімінде электрмен жабдықтау көзі және (немесе) таратушы желілері бар

жеке тұлғалар электрмен жабдықтау үйымдарымен электрмен жабдықтау шартын жасасады және басты коммерциялық есепке алу бойынша тұтынылған электр энергиясы үшін есептеседі.

75. Кондоминиумнің объектісін басқару органы немесе тұтынушылардың уәкілетті тұлғалары немесе қарамағында тұрғын үй тұрған үйдім көпқабатты құрылыштарда үйге ортақ мұқтаждықтағы электр қондырғыларын пайдалану кезінде (қосу-тарату құрылғысы, кіреберісті, ауланы, нөмірлі шамдарды, жертөле және шатырларды жарықтандыруға арналған электр өткізгіш) техникалық жағдайын, пайдалануы, техникалық қауіпсіздігін қадағалайды және сақтайды.

Үйге ортақ КЕА сақтау және бүтіндігі үшін кондоминиум объектісін басқару органына немесе тұтынушының уәкілетті тұлғасына жүктеледі.

Үйге ортақ мұқтаждыққа пайдаланылған электр энергиясының көлемі электр энергиясының баланстық тиесілігін бөлу шекарасында орналастырылған есепке алу аспабы бойынша айқындалады. Үйге ортақ мұқтаждық аспабына қосылған тұтынушылардың (тұрмыстық және тұрмыстық емес) электр энергиясын тұтынудың жиынтық көлемін қоспағанда, үйге ортақ мұқтаждықты есепке алу аспабына қосылған тұтынушылар болған кезде.

Кондоминиум объектісін басқару органы немесе тұрғын үй пәтері иелерінің кооперативі тұтынушының немесе тұтынушылар тобының талабы бойынша қондырғылардың қуатын және осы қондырғылардың есептік кезенде немесе бірнеше кезең ішінде пайдаланған электр энергиясы төлемақысының толық есебін көрсетіп, үйге ортақ мұқтаждықтағы электр қондырғыларын электрмен жабдықтау схемасын ұсынады (тұтынушының талабы бойынша).

Ескерту. 75-тармақ жаңа редакцияда - КР Энергетика министрінің 20.12.2024 № 471 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

76. Сараланған тарифтер бойынша есептесетін тұтынушылар үшін төлемақы есебін өзгертуге алып келетін барлық түзетулер тұтынушы энергиямен жабдықтаушы үйдімдікten пен негізdemelіk құжаттарды берген сәттен бастап жүзеге асырылады.

77. Коммерциялық энергияны есепке алу аспаптарын аспаптық тексеру вольтамперфазометр, ток өлшеу кенелері және коммерциялық есепке алу аспаптарының ток трансформаторларының трансформация коэффициентінің зауыттық көрсеткіштерге сәйкестігін анықтау, фазалардың дұрыс қосылуын тексеру, қайталама тізбектегі жүктеменің бар-жоғын тексеру, оқиғалар журналын (электрондық КЕА үшін) алу, векторлық диаграммаларды алу және техникалық шарттардың бұзылу фактілерін анықтау үшін пайдаланылатын жабдықтың көмегімен жүргізіледі.

Аспаптық тексеру КЕК пломбалау арқылы тұтынушының немесе тұтынушының сенімді өкілінің қатысуымен, анықталған бұзушылықтар болмаған кезде аспаптық тексеру аяқталғаннан кейін кейіннен пломбалау арқылы жүргізіледі.

Электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық актілер бойынша бұзушылықтар анықталған кезде еркін нысанда бұзушылық туралы тиісті акт жасалады және анықталған бұзушылықтарды жою үшін нұсқама беріледі не осы Қағидалардың талаптарында көзделген шаралар қабылданады.

Ескерту. Қағидалар 77-тармақпен толықтырылды - КР Энергетика министрінің 20.12.2024 № 471 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

78. Аспаптық тексеру нәтижелері бойынша мынадай деректер:

1) тексеру жүргізу күні, уақыты және мекенжайы, тексеру нысаны және тексеру жүргізу негіздемесі;

2) тексеру жүргізген энергия беруші немесе энергия өндіруші ұйым өкілдерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы;

3) осы Қағидалардың талаптарына сәйкес тексеруге қатысу үшін осы Қағидалардың талаптарына сәйкес шақырылған, бірақ оған қатыспаған адамдардың тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы;

4) тексерілетін КЕА (өлшеу трансформаторлары – болған кезде) сипаттамалары мен орнатылатын жері, тексеру кезіндегі КЕА көрсеткіштері және есепке алу аспабын (өлшеу трансформаторларын) тексеру арасындағы интервалдың аяқталу күні;

5) тексеру басталған кезде белгіленген, сондай-ақ жаңадан орнатылған (егер олар тексеру барысында өзгерген болса) бақылау пломбалары мен шолып тексеру белгілері орнатылатын жері және өлшеу құралдарының паспортындағы (формулярындағы) тексеру туралы куәліктегі және (немесе) жазбадағы салыстырып тексерушінің бедеріне сәйкестігі;

6) тексеру нәтижелері;

7) тексеру жүргізу кезінде пайдаланылатын құрылғылардың (жабдықтардың) сипаттамалары, атауы және көрсеткіштері;

8) тексеру актісіне қол қоюдан бас тартқан не актіде көрсетілген тексеру нәтижелерімен келіспеген адамдардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы және мүндай бас тартудың не келіспеудің себептері;

9) актінің тіркеу нөмірі көрсетілген еркін нысанда екі дана акт жасалады.

Ескерту. Қағидалар 78-тармақпен толықтырылды - КР Энергетика министрінің 20.12.2024 № 471 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

79. Аспаптық тексеру:

1) жаңадан енгізілетін объектінің тұтынушының өтінімі бойынша;

2) жоспарлы тәртіппен жылына 1 (бір) рет;

3) нормативтен тыс шығындарды айқындау кезінде жоспардан тыс тәртіппен (коммерциялық шығындарды анықтау мақсатында);

4) КЕА және өлшеу трансформаторларын ауыстыру кезінде;

5) КЕА көрсеткіштерін бұрмалайтын бұзылуарды анықтау мақсатында жүргізіледі.

Ескерту. Қағидалар 79-тармақпен толықтырылды - ҚР Энергетика министрінің 20.12.2024 № 471 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Электр энергиясын пайдалану
қағидаларына 1 қосымша

Жалғауға өтінім

Ескерту. 1-қосымша алып тасталды – ҚР Энергетика министрінің 06.02.2020 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Электр энергиясын пайдалану
қағидаларына 2 қосымша

"Тұтынушыны сыртқы электрмен жабдықтау схемасының" мазмұны

Ескерту. 2-қосымша алып тасталды – ҚР Энергетика министрінің 06.02.2020 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Электр энергиясын
пайдалану қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Кондоминиум құрамындағы тұтынушыларға арналған электр желілерінің тенгерімдік тиесілігін және тараптардың пайдалану жауапкершілігін ажырату №_____ АКТІСІ

Ескерту. 1-қосымшамен толықтырылды – ҚР Энергетика министрінің 06.02.2020 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

" " 20 ж.

Бұдан әрі "кондоминиум басқару органды/энергия беруші ұйым" деп
atalatyn _____ atynan

негізінде әрекет ететін
бір тараптан, және бұдан әрі

"Тұтынушы" деп аталатын _____ atynan
негізінде әрекет ететін

екінші тараптан, төмендегілер туралы осы Актіні жасады:
mekenzhayы бойынша орналасқан _____
объектінің электрмен жабдықтауға Актіні жасау күніне

орындалды.

Пайдалануға рұқсат етілген қуат ____ кВт.

Бөлудің шекаралары мыналармен белгіленеді:

1. Тенгерімдік тиесілігі бойынша

2. Пайдалану жауапкершілігі бойынша

Электр қондырғыны электрмен жабдықтаудың бір сзықты схемасы



ЕСКЕРТПЕ:

1. Схемадағы бөлу шекаралары: тенгерімдік тиесілігі – қызыл, пайдалану жауапкершілігі – көк сзықпен белгіленеді.

2. Қосылған қуаттар, сыртқы электрмен жабдықтау схемалары, электрмен жабдықтау сенімділігі санаты, тенгерімдік тиесілік шекаралары және пайдалану жауапкершілігі өзгерген кезде Акт ауыстырылуға жатады.

3. Электр қондырғыны электрмен жабдықтау схемасында есептеу аспаптарын орнату орындары, күштік трансформаторлардың, ток пен кернеудің өлшеу трансформаторларының, электр беру желілерінің параметрлері көрсетіледі.

4. Тұтынушыға диспетчермен, кондоминиум басқару органының/энергия беруші ұйымның келісімінсіз сыртқы электрмен жабдықтау схемасын өз бетімен өзгертуге жол берілмейді.

3. Тұтынушыға энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымның келісімінсіз өзінің электр қондырғыларына бөгде тұтынушыларды қосуға жол берілмейді.

Кондоминиумды басқару органының немесе энергия беруші ұйымның өкілі

Тұтынушының өкілі

Электр энергиясын
пайдалану қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Электрмен жабдықтау шартының акцепті туралы өтініш

Ескерту. 2-қосымшамен толықтырылды – ҚР Энергетика министрінің 06.02.2020 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің м.а. 22.10.2021 № 325 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Кімге: _____

(желілеріне тұтынушы қосылатын энергия беруші немесе энергия өндіруші үйымдардың атауы)

Кімнен: _____

Осымен "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 5-бабының 5) тармақшасына сәйкес электрмен жабдықтау шартын жасасу үшін қажетті Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы № 143 бұйрығымен

(Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10403 болып тіркелген) бекітілген Электр энергиясын пайдалану қағидаларының 4 немесе 4-1-тармағына сәйкес

(энергиямен жабдықтаушы үйымның атауы)

құжаттарды беруге келісетіні туралы хабарлаймын.

Дербес деректерді жинауға, өңдеуге және сақтауға келісім беремін.

Сондай-ақ электр энергиясын тоқтату туралы хабарламаны жіберу арқылы (электрондық пошта, факс, пошта жөнелтілімі, қысқа мәтіндік хабарлама, мультимедиялық хабарлама, қолданыстағы мессенджерлер) алуға келісетіні туралы хабардар етемін:

ұялы телефон нөміріне қысқа мәтіндік хабарламамен, _____;

ұялы телефон нөміріне мультимедиялық хабарламамен _____;

қолданыстағы мессенджерлерді пайдаланатын ұялы телефон нөміріне _____;

электрондық поштаға _____;

пошта мекенжайына _____;

Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Қолы.

Күні.

Электр энергиясын
пайдалану қағидаларына
3-қосымша
Нысан

**Электр желілеріне қосудың техникалық шарттарын беруге арналған өтінішке саулнама
парагы**

Ескерту. 3-қосымшамен толықтырылды – ҚР Энергетика министрінің 06.02.2020 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Тапсырыс беруші	
Объектінің атауы	
Нормалар бойынша құрылыш мерзімі	
Объектіге құқық белгілейтін құжаттар (реконструкция)	
Қабаттылығы	
Фимараттың ауданы	
Пәтерлер (нөмірлер, кабинеттер) саны	

Талап етілетін қуат, кВт	
Жүктеме сипаты (фаза)	Бір фазалы, үш фазалы, тұрақты, уақытша, маусымдық
Сенімділік бойынша санат	I санат ____ кВт (кВА), II санат ____ кВт (кВА), III санат ____ кВт (кВА)
Жылдар бойынша пайдалануға берілгеннен кейінгі максималды жүктеме (қолданыстағы жүктемені ескере отырып, өсу корытындысымен)	20__ ж.____ кВт, 20__ ж.____ кВт, 20__ ж.____ кВт
көрсетілген максималды жүктемелерден электр қабылдағыштарға жатады:	
	I санат ____ кВт (кВА), II санат ____ кВт (кВА), III санат ____ кВт (кВА)
Электрмен жабдықтау құрылыш кезінде кезек бойынша қосымша реконструкция кезінде	Электр қазандықтарды, электркалориферлерді, электр плиталарды, электр пештерді, электр қыздырғыштарды орнату болжанып отыр (кажеттінің астын сизу)
	бірлік қуатының ____ дана мөлшерінде, ____ кВт (кВА)

Қолданыстағы максималды жүктеме	
Шарт бойынша трансформаторлардың рұқсат етілген қуаты	№ _____ ТКС-да _____ кВА № _____ ТКС-да _____ кВА

Сауданама парағына Ахуалдық жоспар мен өз бетінше немесе сараптама үйымын тарту арқылы орындалған, мәлімделген электр қуатының есептеу-негіздемесі қоса беріледі.

Электр энергиясын
пайдалану қафидаларына
4-қосымша

"Тұтынушыны сыртқы электрмен жабдықтау схемасының" мазмұны

Ескерту. 4-қосымшамен толықтырылды – ҚР Энергетика министрінің 06.02.2020 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

- 1) қолданыстағы электрмен жабдықтаудың жай-қүйін шолу және 3(5)-10 жылға даму перспективасы;
- 2) тұтынушылардың электр жүктемелері және оның өтеу көздері;
- 3) қуат және электр энергиясы балансы (қазіргі жай-қүйі және 3(5)-10 жылға арналған перспективасы);
- 4) сыртқы электрмен жабдықтау схемасының нұсқалары;
- 5) ұсынылған сыртқы электр жабдықтау схемасының негіздемесі;
- 6) қарастырылып жатқан ауданның іргелес электр желілерімен электр режимдерінің есептері (қалыпты, авариядан кейінгі режимдер);
- 7) жабдықты таңдау үшін қысқа тұйықталу токтары деңгейлерінің есептеуі;
- 8) релелік қорғаныс пен автоматика, аварияға қарсы автоматиканы орындау қафидаттары;
- 9) диспетчерлік және технологиялық басқаруды үйымдастыру қафидаттары;
- 10) электр энергиясын есепке алу;
- 11) энергия үнемдеу бойынша жоспарланатын іс-шаралар;
- 12) электр желілік құрылыштың көлемі, құрылыш құнын ұлғайтып есептеу;
- 13) қорытындылар;
- 14) сыйбалар: қафидатты схемалар, карта-схемалар немесе ахуалдық жоспар, электрлік режимдер есептерінің нәтижелері, диспетчерлік және технологиялық басқаруды үйымдастыру схемалары.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК